

БЕКІТЕМІН

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік
Университетінің Басқарма мүшесі-
Ғылым және цифрландыру жөніндегі
проректоры Орынбаев С.Ә.



2025 ж.

**КОРПОРАТИВТІК КЛИЕНТТЕРМЕН ЖҰМЫС ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМНІҢ
2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ**

Корпоративтік клиенттермен жұмыс
жөніндегі бөлімнің басшысы

 Джарылкапов М.М.

КОРПОРАТИВТІК КЛИЕНТТЕРМЕН ЖҰМЫС ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМНІҢ

2024-2025 оқу жылындағы атқарылған жұмыстары туралы есебі

Корпоративтік клиенттермен жұмыс жөніндегі бөлім 2024–2025 оқу жылында университеттің корпоративтік клиенттермен жұмыс жөніндегі бөлімі «Dulaty Alumni» түлектер қауымдастығының қызметін жүйелі түрде ұйымдастыру, дамыту және түлектермен өзара байланысты нығайту бағытында бірқатар маңызды жұмыстарды атқарды. Бөлім қызметінің негізгі мақсаты – университет түлектерімен тұрақты байланыс орнату, олардың әлеуетін университеттің дамуына тарту, сондай-ақ университет имиджін арттыруға ықпал ету. Осы жылдық есепте атқарылған жұмыстар төмендегі негізгі бағыттар бойынша ұсынылады.

«Dulaty Alumni» түлектер қауымдастығының 2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту

1. 2024–2025 оқу жылының басында «Dulaty Alumni» түлектер қауымдастығының қызметін жүйелеу мақсатында жылдық жұмыс жоспары әзірленіп, бекітілді. Жоспарды әзірлеу барысында өткен оқу жылындағы жұмыстарға талдау жасалып, түлектердің ұсыныстары мен қазіргі заман талаптары ескерілді. Жұмыс жоспары төмендегі негізгі бағыттарды қамтыды:

- түлектермен байланыс орнату және оны тұрақты түрде жүргізу;
- түлектер деректер базасын қалыптастыру және жаңарту;
- түлектерді университеттің қоғамдық, ғылыми және тәрбиелік іс-шараларына тарту;
- университет пен түлектер арасындағы өзара тиімді әріптестікті дамыту. Бекітілген жоспар бөлім қызметкерлерінің жұмысын нақтылауға, іс-шараларды кезең-кезеңімен орындауға және нәтижелілікті арттыруға мүмкіндік берді.

2. Түлектер қауымдастығы деректер базасын құру және жүргізу бойынша атқарылған жұмыстар Есептік кезеңде түлектер туралы ақпараттарды жинақтау және жүйелеу мақсатында арнайы деректер базасын құру жұмыстары жүргізілді. Деректер базасына келесі мәліметтер енгізілді:

- түлектің аты-жөні;
- бітірген жылы және мамандығы;
- жұмыс орны мен лауазымы;
- байланыс деректері (телефон нөмірі, электрондық пошта, әлеуметтік желілер).

Деректер базасын қалыптастыру барысында факультеттермен, кафедралармен және құрылымдық бөлімшелермен тығыз байланыс орнатылды. Сонымен қатар, деректердің өзектілігін сақтау мақсатында ақпараттарды жаңарту және толықтыру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп отырды. Құрылған деректер базасы:

- түлектермен жедел байланыс орнатуға;
- іс-шараларға шақыру жіберуге;
- бірлескен жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік берді.

3. Түлектер қауымдастығына университет түлектерін жүйелі түрде тарту Есептік оқу жылында университет түлектерін «Dulaty Alumni» қауымдастығына тарту бағытында бірқатар жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда:

- әртүрлі жылдардағы түлектермен байланыс орнатылды;
 - түлектерге қауымдастықтың мақсаты мен міндеттері туралы ақпарат берілді;
 - белсенді түлектер университеттің іс-шараларына тартылды. Түлектерді тарту жұмыстары нәтижесінде:
 - қауымдастық мүшелерінің саны артты;
 - түлектер тарапынан университетке қолдау көрсету деңгейі өсті;
 - тәжірибелі мамандарды білім алушылармен кездестіру мүмкіндігі кеңейді.
- Бұл жұмыстар түлектердің университетпен байланысын нығайтып, ортақ мүддеге негізделген ынтымақтастықты дамытуға ықпал етті.

4. Университеттің ресми сайты мен әлеуметтік желілерінде түлектер қауымдастығының жұмысы туралы ақпаратты орналастыру Есептік кезеңде университеттің ресми сайты мен әлеуметтік желілерінде «Dulaty Alumni» түлектер қауымдастығының қызметі туралы ақпараттық жұмыстар тұрақты түрде жүргізілді. Атап айтқанда:

- атқарылған іс-шаралар туралы жаңалықтар жарияланды;
 - түлектердің жетістіктері мен табысты тәжірибелері насихатталды;
 - қауымдастықтың алдағы жоспарлары туралы ақпараттар орналастырылды.
- Бұл ақпараттық жұмыс:
- университеттің ашықтығын арттыруға;
 - түлектердің қызығушылығын оятуға;
 - университет имиджін нығайтуға оң әсерін тигізді.

«Dulaty Alumni» ресми сайтын іске қосу және жандандыру

1. Корпоративтік клиенттермен жұмыс жөніндегі бөлім 2024–2025 оқу жылы барысында университет түлектерімен байланыс орнату және олармен өзара іс-қимылды цифрлық форматта дамыту мақсатында «Dulaty Alumni» ресми сайтын іске қосу, жандандыру және мазмұндық тұрғыда толықтыру жұмыстарын жүргізді. Аталған сайт түлектер қауымдастығы қызметін жүйелеуге, ақпарат алмасуды жеделдетуге және университет пен түлектер арасындағы тұрақты байланысты қамтамасыз етуге бағытталған негізгі ақпараттық платформа болып табылады.

2. «Dulaty Alumni» сайттың негізгі мақсаты:

- университет түлектерін бір ақпараттық алаңға біріктіру;
- түлектер қауымдастығының қызметі туралы ашық және өзекті ақпарат ұсыну;

- түлектермен кері байланысты қамтамасыз ету. Сайт құрылымы пайдаланушылар үшін ыңғайлы әрі түсінікті форматта жасалып, университеттің жалпы ақпараттық саясатына сәйкес рәсімделді.

3. Сайтты жандандыру және мазмұнын жаңарту

«Dulaty Alumni» сайтын жандандыру мақсатында оны тұрақты түрде жаңарту және жаңа мазмұнмен толықтыру жұмыстары жүзеге асырылды. Атап айтқанда, сайтқа келесі бағыттар бойынша ақпараттар орналастырылды:

- түлектер қауымдастығы туралы ақпарат Қауымдастықтың мақсаты, міндеттері, қызмет бағыттары және даму перспективалары туралы ресми мәліметтер жарияланды.
- жаңалықтар және хабарландырулар бөлімі Түлектерге арналған іс-шаралар, кездесулер, форумдар және университетте өткізілетін маңызды оқиғалар туралы ақпараттар тұрақты түрде салынды.
- түлектердің жетістіктері Әр жылдардағы түлектердің кәсіби жетістіктері, қоғамдағы және еңбек нарығындағы табысты қызметі туралы материалдар жарияланды. Бұл бөлім түлектер арасында ынтымақтастықты арттыруға және университет имиджін көтеруге ықпал етті.
- кері байланыс және байланыс деректері Түлектердің ұсыныс-пікірлерін қабылдауға арналған байланыс ақпараттары орналастырылып, кері байланыс орнату мүмкіндігі қамтамасыз етілді.

4. Ақпараттың өзектілігін қамтамасыз ету

Сайтта жарияланатын материалдардың өзектілігі мен нақтылығын сақтау мақсатында ақпараттарды іріктеу және орналастыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді. Материалдар ресми стильде дайындалып, университет қызметінің нақты бағыттарын көрсетуге бағытталды. Ақпараттық мазмұнды жаңарту:

- жоспарлы түрде;
- түлектер қауымдастығы қызметінің өзекті бағыттарына сәйкес;
- университеттің ақпараттық саясатын сақтай отырып жүзеге асырылды.

5. Сайттың түлектермен байланыс орнатудағы рөлі

«Dulaty Alumni» сайты түлектермен тұрақты байланыс орнатудың тиімді құралына айналды. Сайт арқылы:

- түлектер қауымдастығының қызметі туралы ақпарат тарату;
- түлектерді университет іс-шараларына тарту;
- университет жаңалықтарымен жедел таныстыру мүмкіндігі артты. Бұл өз кезегінде түлектердің университетке деген қызығушылығын күшейтіп, олардың белсенділігін арттыруға ықпал етті.

Қорытындылай келе, Корпоративтік клиенттермен жұмыс жөніндегі бөлім тарапынан «Dulaty Alumni» сайтын іске қосу, жандандыру және мазмұндық тұрғыда толықтыру бойынша жоспарланған жұмыстар толық көлемде жүзеге асырылды.

Корпоративтік клиенттермен жұмыс жөніндегі бөлімнің «Dulaty Endowment» корпоративтік қорын құруға дайындық бойынша атқарылған жұмыстары:

Корпоративтік клиенттермен жұмыс жөніндегі бөлім тарапынан университеттің қаржылық тұрақтылығын арттыру, түлектер мен серіктестерді университет дамуына тарту мақсатында «Dulaty Endowment» корпоративтік қорын құру мәселесі пысықталды. Есептік кезеңде аталған қорды ресми түрде тіркеу және іске қосу жүзеге асырылмағанымен, қорды ашуға дайындық бағытында бірқатар ұйымдастырушылық және әдістемелік жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда,

«Dulaty Endowment» корпоративтік қорының логотипі әзірленді. Логотип университеттің брендтік стиліне сәйкес жасалып, қордың миссиясы мен қызмет бағытын айқындайтын визуалдық элементтерді қамтиды. Бұл логотип қордың болашақта ресми материалдарында, ақпараттық өнімдерінде және презентациялық құжаттарында қолдануға арналған.

Сонымен қатар, қор қызметін құқықтық және ұйымдастырушылық тұрғыда реттеу мақсатында қордың ережесінің жобасы әзірленді. Аталған ереже жобасында қордың мақсаты мен міндеттері, қызмет бағыттары, басқару құрылымы, қаражатты қалыптастыру және пайдалану тәртібі, сондай-ақ есептілік пен ашықтық қағидаттары айқындалды.

Бұдан бөлек, «Dulaty Endowment» корпоративтік қорының қызметін таныстыруға арналған презентациялық материалдар дайындалды. Презентацияда қорды құрудың маңыздылығы, негізгі мақсаттары, ықтимал қаржыландыру көздері, түлектер мен корпоративтік серіктестердің қатысу мүмкіндіктері, сондай-ақ қор қызметінің университет дамуына қосатын үлесі көрсетілді.

Аталған дайындық жұмыстары:

- қорды құру тұжырымдамасын қалыптастыруға;
- болашақта ресми тіркеу және іске қосу процесін жеделдетуге;
- университет басшылығы мен мүдделі тараптарға қор идеясын таныстыруға мүмкіндік берді. Қазіргі уақытта «Dulaty Endowment» корпоративтік қорын ашу мәселесі университет басшылығының қарауында. Алдағы кезеңде қажетті ұйымдастырушылық және құқықтық рәсімдер аяқталған жағдайда, қорды ресми түрде тіркеу және оның қызметін іске қосу жоспарлануда.

Корпоративтік клиенттермен жұмыс жөніндегі бөлімнің 2025 жылғы маңызды іс-шаралары:

Түлектерге арналған «жұмыспен қамту және мансаптық кеңес» мастер-классы. Университет қабырғасында корпоративтік клиенттермен жұмыс жөніндегі бөлім және Факультеттердің түлектер қауымдастығының мүшелерінің ұйымдастыруымен «Жұмыспен қамту және мансаптық кеңес» тақырыбында мастер-класс өтті.

Аталған іс-шараның негізгі мақсаты – білім алушыларды еңбек нарығының қазіргі талаптарымен таныстыру, болашақ кәсіби бағыттарын дұрыс таңдауға

бағыт-бағдар беру және түлектердің жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін арттыру болды.

Мастер-класс барысында қатысушыларға мансапты жоспарлау, жұмысқа орналасу жолдары, түйіндеме (резюме) дайындау ерекшеліктері, жұмыс берушілермен сұхбаттасу дағдылары, сондай-ақ кәсіби дамудың негізгі бағыттары туралы кең көлемде ақпарат ұсынылды. Спикерлер еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтар, жұмыс берушілердің талаптары және жас мамандарға қойылатын кәсіби және тұлғалық құзыреттер жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Іс-шараға қатысқан студенттер өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, нақты кеңестер алды. Мастер-класс интерактивті форматта өтіп, қатысушылардың белсенділігі жоғары болды. Бұл өз кезегінде студенттердің мансаптық бағдарын қалыптастыруға және еңбекке бейімделу дағдыларын дамытуға оң ықпал етті. Мастер-класс университеттің білім алушыларын қолдау және түлектердің жұмыспен қамтылуын арттыру бағытындағы жүйелі жұмыстың бір бөлігі болып табылады. Корпоративтік клиенттермен жұмыс жөніндегі бөлім алдағы уақытта да факультеттермен бірлесіп, студенттердің кәсіби дамуына бағытталған осындай мазмұнды іс-шараларды ұйымдастыруды жоспарлап отыр.

Қорытынды:

Корпоративтік клиенттермен жұмыс жөніндегі бөлімнің 2024-2025 оқу жылындағы атқарылған жұмыстары:

1. Дулати университетінің 1975-2014 жылдарындағы күндізгі және сырттай оқу түрінің түлектері туралы мәліметтер базасына енгізу қазіргі таңда жұмыс үстінде.
2. СМЖ құжаттары тексерістен өту үшін дайындалуда. Қазіргі таңда барлық құжаттар рәсімделіп, қателерді анықтау және түзету бойынша жұмыс жүргізілуде.
3. Факультеттермен "Dulaty Alumni" Түлектер қауымдастығы жөнінде жиналыс өтті. Жұмысымызды таныстырып, ұсыныстар жиналды. Түлектердің тізімі жинақталуда. Әр факультетпен серіктестерге ұсыныстары бойынша және жоболар бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.
4. "Dulaty Alumni" сайтын жандандыру бойынша жұмыстар жасалынуда.
5. Дулати университетінің 1975 жылдан бастап, бүгінгіге дейін жылдардағы күндізгі және сырттай оқу түрінің түлектерінің бітіргендігі туралы бұйрықтардың көшірмелері бойынша Дулати университетінің түлектері туралы мәліметтер базасы құру үшін қазіргі таңда жұмыс үстінде.
6. Түлектердің кездесуін өткізудің алдын ала жоспарын әзірлеу.
7. «Dulaty Endowment» корпоративтік қорын құру мақсатында атқарылған жұмыстар.
8. Бөлімге қатысты ақпарат, бөлім жаңалықтары университет сайтына жаңартылу жұмыстары жүргізілді. Бүкіл ақпараттар, жаңылықтар үш тілде жасалынып, сайтқа жіберілуде.
9. Бөлім қызметкерлерінің KPI картасы дайындалды.

10. Корпоративтік клиенттермен жұмыс жөніндегі бөлімнің ұйымдастыруымен өткізілген іс-шараларының жинағы туралы жылдық есеп дайындалды.

11. Ағымдағы жылдың 30.01. - 01.02. аралығында Алматы қаласында "Industrial AI: жаңа дәуір технологиялары" тақырыбына арналған "Digital Almaty 2025" Халықаралық цифрлық форумына университетіміздің "Enactus Dulaty" студенттік кәсіпкерлік, стартаптар және инновациялар командасы үшін бұл форумға қатысып келді. Форумның негізгі мақсаты – жасанды интеллект (AI) технологияларын талқылау және оларды жаһандық индустрияларды трансформациялауда қолдану болды. Мұндай форумға қатысу команданың мүшелеріне бастамаларды ауқымды ету үшін маңызды қадам болып, сондай-ақ команда алдағы уақытта жаһандық инновациялық қауымдастыққа қосылуға ықпал ететініне зор сенім білдірді.